

«А.Құнанбаев атындағы №6 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясында
Жаңа жылдық іс-шараларды өткізу кезінде қауіпсіз жағдайларды жасау
туралы»

«Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімі» ММ 2019 жыл 11 желтоқсан №366
бұйрығы негізінде мектеп бойынша жаңа жылдық мәдени-жаппай іс-
шараларға даярлық және өткізу кезінде оқушылар мен тәрбиеленушілердің
өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз жағдайлар жасау мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Жаңа жылдық мәдени-жаппай іс-шараларды өткізу үшін жауапты
тұлғалар тағайындалсын;

2. Бекітілген нысан бойынша журналға міндетті түрде тіркей отырып,
оқушылар, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен жеке қауіпсіздік үшін
жауапкершілікті арттыру мәселесі бойынша қосымша нұсқаулықтар
жүргізілсін;

3. Өрт шыққан жағдайда оқушылар мен тәрбиеленушілерді қауіпсіз
жерге көшіру және медициналық көмек көрсету мәселесіне ерекше көңіл
бөліп, жауапты тұлғалармен нұсқаулықтар ұйымдастырылсын;

4. Жаңа жылдық шаралар өткізу кезінде білім беру мекемелерінде
кезекшілік күшейтіліп, ұйымдасқан түрде балалардың шараларға бару және
қатысу кезіндегі қауіпсіздік мәселелері мектеп инспекторының қатысуымен
шешілсін;

5. Жаңа жылдық мәдени-бұқаралық шараларды өткізу кезінде ашық
түрде от жағу, өрт қаупі бар отшашуларды (факелдер, балауыз шамдар,
хлопушка, және т.б.) және химиялық басқа да қоспалардан дайындалған
заттарды қолдануға, жарылыстық қасиеті бар құралдарды қолдануға тыйым
салынсын;

6. Жаңа жылдық іс-шаралар барысында кезекшілік кестесі бекітілсін;

7. Мектеп ауласын үздіксіз сырттай жарықтандыру қамтамасыз етілсін;
Алдағы жаңа жылдық іс-шаралар барысында осы бұйрықтың орындалуын өзім
бақылауға алатын боламын.

Сонымен қатар жаңа жылдық іс-шаралар өтілу кестесін ұсынамын. (қосымша)

Үшінші мәселе бойынша Аз қамтылған, жетім, ата-анасының
қамқорлығынсыз қалған балаларға көрсетілген көмек туралы мәлімет. Мәселе
бойынша мектеп әлеуметтік педагогы К.Р. Балдаева сөйледі:

«Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік
мекемесінің 2019 жылы «мектепке жол» атты республикалық
қайырымдылық акциясын өткізу туралы 2019 жылғы 26 шілдедегі №02-
05/2644 хатын басшылыққа ала отырып, мектебімізде арнайы айлық